

References

- 1 [ER]. Access mode: <http://nsportal.ru/shkola/mezhdistsiplinarnoe-obobshchenie/library/dvuyazychnoe-prepodavanie-matematiki>.
- 2 Lur'e M.L. *Siberian Education Journal*, 2005, 1, p. 123–130.
- 3 Chernikova I.Yu., Shabrykina N.S., Risberg V.G. *Applied Problems in Mathematics, teaching aid*, City: Per'm, 2009, p. 39–57.
- 4 Kersaint J., Thompson D., Petkova M. *Teaching Mathematics to English Language Learners*, Routledge, 2008, p. 16–18.
- 5 Zavalishina T.I., Polyushchenko V.S. *Determining the origin of mathematical terms, spelling and pronunciation of the English language*, Moscow: Mir, 2009, p. 45–52.
- 6 Berzin D.V. *International Research Journal*, Yekaterinburg: Evroprint, 2013, 4 (11), Chast 3, p. 7.
- 7 Aleksandrov P.S. *English-Russian and Russian-English dictionary of mathematical terms*, Moscow: Mir, 2001.
- 8 Anton N., Torres C. *Elementary linear algebra: Applications version*, 9th edition, John Wiley & Sons, 2005.

ӨОЖ 37: 000.7: [7.071.5]

Ә.К.Мағрұпбекова, Г.С.Тоқтыбаева

Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті (E-mail: gts1979@inbox.ru)

Дизайн саласындағы өнер бакалаврларын кәсіптік дайындаудың ерекшеліктері

Мақалада дизайнер бакалавр маманының кәсіби біліктілігін қалыптастырудың маңызды шарты — білім беру үрдісін ұйымдастыру. Ол үшін келесі педагогикалық шараларды енгізу қажет: дизайн саласында теориялық білімдерді меңгеру мақсатында білім беру үрдісін ұйымдастырушылық-әдістемелік қамтамасыз ету; оқу үрдісінің барлық субъектілердің өзара қатынастарының негізінде шығармашылық білім беру ортасын қалыптастыру; жұмыс берушілерді жоғары оқу орынын оқу үрдісіне, ғылыми-зерттеу, шығармашылық жұмысына белсенді түрде қатыстыру; инновациялық технологияларды қолдану қарастырылған.

Кілт сөздер: дизайн бакалавры, кәсіби білім, біліктілік, сәулеттік дизайн, графикалық дизайн, өнеркәсіптік дизайн, киім дизайны, теледидар және сахна дизайны, дизайн қызметі.

Елбасымыз жаңа кезеңдегі әлеуметтік саясаттың маңызды құрамдас бөлігі ретінде ана мен баланы қорғауды «Қазақстан – 2050» бағдарламасында былай деп атап көрсеткен. Бәсекеге қабілетті дамыған мемлекет болу үшін біз сауаттылығы жоғары елге айналуымыз керек. Қазіргі әлемде жай ғана жаппай сауаттылық жеткіліксіз болып қалғалы қашан. Біздің азаматтарымыз үнемі ең озық жабдықтармен және ең заманауи өндірістерде жұмыс жасау машығын меңгеруге дайын болуға тиіс. Жалпы барлық жеткіншек ұрпақтың функционалдық сауаттылығына да зор көңіл бөлу қажет, қазіргі заманға бейімделген болуы үшін бұл аса маңызды. Біздің жұмыстарымыздың білім беру саласындағы басымдықтары, бүкіл әлемдегі сияқты, Қазақстан мектепке дейінгі білім берудің жаңа әдістеріне көшу керек.

Ескірген немесе сұраныс жоқ ғылыми және білім пәндерінен арылу, сонымен бірге сұраныс көп және болашағы бар бағыттарды күшейту қажет.

Жоғары білім берудің оқу жоспарларының бағыттылығы мен басымдықтарын оларға тәжірибелік машықтарға үйрету бойынша және тәжірибелік біліктілікке ие болу бағдарламаларын қоса өзгерту керек.

Жоғары кәсіби білім беру жүйесін модернизациялаудың негізгі талаптарының бірі күрделі әлеуметтік мәдени жағдайларға қалыптасуға бейімді, білікті маманды кәсіби даярлау болып табылады. Еңбек нарығында қалыптасқан жағдайлардың әсерінен түлектерге қойылатын заманауи талаптарға қарағанда дизайн бакалавр маманын кәсіби даярлау мәселесі ерекше көкейкесті болып табылады. Дәстүрлі білім беру жүйесінде білікті мамандар даярлаушы кәсіби білім беретін оқу орындарының басты мақсаты мамандықтарды игерту ғана болса, ал қазір әлемдік білім кеңестігіне

ене отырып, бәсекеге қабілетті тұлға дайындау үшін адамның құзырлылық қабілетіне сүйену арқылы нәтижеге бағдарланған білім беру жүйесін ұсыну — қазіргі таңда негізгі өзекті мәселелердің бірі.

Білім беруді дамытудың стратегиялық приоритеті әлемдік білім беру кеңістігінде интегралданған және жеке тұлға мен қоғамның мұқтаждығын қанағаттандыратын көп деңгейлі үздіксіз дизайнерлік білім берудің ұлттық үлгілерін қалыптастыру болып табылады. Білім берудің негізгі жалпыұлттық мақсаттары және мақсаттар иерархиясы ҚР Білім беруді дамыту тұжырымдамаларында көрсетілген.

Жоғары білім берудің мақсаты — сапалы кәсіби білім алуға қоғам, мемлекет және жеке тұлғаның мүдделерін қанағаттандыру. Жоғары және жоғары оқудан кейінгі білім берудің құрылымы — бакалавриат, магистратура, аспирантура және докторантура арқылы кадр дайындау жүйесіне ауыстырылады.

«Дизайн» мамандығы бойынша бакалавриаттың білім беру бағдарламасының мазмұны кең базалық кәсіби дайындықты болжайды және кәсіби қызметтің жалпы интегралды (пәнаралық) әдіснамасымен қамтамасыз ететін және болашақ дизайнерлердің шығармашылық сапасын дамытуға, өздігімен білім алуға деген мұқтаждықтарын қалыптастыруға мүмкіндік беретін болашақ мамандардың пәндік білімдерінің іргелілігіне жетуге бағытталуы тиіс.

«Дизайн» мамандығы бойынша бакалавриатқа кредиттік оқыту технологиясы бойынша жүзеге асырылатын жалпы білім беру, базалық және кәсіби білім беру циклдары жатады. Нақты мазмұны шетелдік аналогтар есебімен пәндердің типтік оқу бағдарламаларында қамтып көрсетілуі тиіс.

«Біліктілік» латын тілінен аударғанда «компетенс» *белгілі сала бойынша жан-жақты хабардар білгір* деген мағынаны қамти отырып, қандай да бір сұрақтар төңірегінде беделді түрде шешім шығара алады дегенді білдіреді» деп көрсетеді. Бұл жайлы Б.Тұрғанбаева: «... өзінің практикалық әрекеті арқылы алған білімдерін өз өмірлік мәселелерін шешуде қолдана алуын біліктілік деп атаймыз», — деп анықтаса, ресей ғалымы Н.Кузьминаның көзқарасы бойынша, «біліктілік дегеніміз — педагогтің басқа бір адамның дамуына негіз бола алатын білімділігі мен абыройлығы [1].

«Дизайн» мамандығы бойынша бакалаврдың біліктілік сипаттамасы мен бітіруші түлектердің кәсіби қызмет объектілері (мамандандыру бойынша) келесі түрлерін ажыратамыз:

Сәулеттік дизайн: қала, ауыл, саябақ ансамбльдері, шағын сәулеттік формалар, көркейту және көгалдандыру элементтері, көзбен шолу коммуникациялары, экспозициялық кеңістік, қалалық ортадағы жабдықтар мен жиһаздар, тұрғын және қоғамдық ғимараттардың ішкі кеңістігі, қоғамдық жерасты ғимараттары, интерьердегі үй бұйымдары, жабдықтар мен жиһаздар, көрме және сауда экспозициялары, экстерьер мен интерьердегі монументті-сәндік элементтер және сәндік-қолданбалы өнер заттары, интерьердегі көзбен шолу коммуникациясы.

Графикалық дизайн: графикалық символдар, сауда белгілері, фирмалық стильдер, көзбен шолу коммуникациясы жүйелері, иллюстрациялар, кітаптарды безендіру, буып-түю, жарнама, әлеуметтік жарнама, жаппай электронды және баспа ақпарат құралдарына арналған жарнама, сыртқы жарнама, транзиттік жарнама.

Өнеркәсіптік дизайн: жаппай өндіріске арналған заттар, бұйымдар және олардың кешендері, ұсақ сериялы заттар және бұйымдар, көлік құралдары, жабдықтар, жиһаздар.

Костюм дизайны: форма жасау және костюмдегі көркем айқындық, костюм дизайнында жобалау және модельдеу әдістері, алуан түрлі киімдердің, модельдер жинағының түрлерін жобалау, сәнді болжау, сәнге сурет араластыру.

Теледидар және сахна дизайны: телевизиялық арнаны көркемдік безендіру, теледидар бағдарламалардың, қысқа жарнама фильмдерінің, бейнеарт шығармалардың сахна жобалары, теледидар бағдарламалардың сахна жобалары, күрделілігі түрлі деңгейдегі ойын кинокартиналарының сахнаға жарамды жобалары.

Дизайн бакалаврдың кәсіби біліктілік қызметінің ерекшелігі дизайн нысандарын жобалаумен байланысты шығармашылық үрдіс ретінде ғана емес, сонымен бірге көркемдік, ғылыми-зерттеу, педагогикалық қызметке ие болады. Дизайнер-маманның қызметінің ерекшелігі дизайн нысандарымен анықталады, олар адамның утилитарлы, рухани қажеттіліктерін қанағаттандыратын біртұтас затты-кеңістіктік кешендерді құрайды.

Дизайн қызметінің ерекшелігі — дизайн бакалавры маманның кәсіби оқыту әдісінің өзгешелігін анықтайтын, түлекті жобалау, көркемдік, ұйымдастырушылық, басқару, ақпараттық-технологиялық және педагогикалық қызметте дайындауды қарастыратын, яғни, кәсіби білімдердің қосымшалары саласындағы дизайн қызметінің ерекше формасымен айқындалады.

Кәсіби қызметінің саласы ретінде жоғары базалық білім алған мамандар сәулет өнерінің үзінділерін, экспозицияларды, ішкі көріністерді, өндірістік және тұрмыстық заттарды, сырттай бейнелеу коммуникациясы, жарнамаларды жобалауға және көркемдеу жұмыстарын орындауға мамандалады. Мамандықтары бойынша сәйкес келетін шығармашылық жобалау кәсіпорындарында жұмыс істеуге дайындалады.

Кәсіби қызметінің саласы ретінде жоғары базалық білім алған мамандар сәулет өнерінің үзінділерін, экспозицияларды, ішкі көріністерді, өндірістік және тұрмыстық заттарды, сырттай бейнелеу коммуникациясы, жарнамаларды жобалауға және көркемдеу жұмыстарын орындауға машықтанады.

Мамандықтары бойынша сәйкес келетін шығармашылық жобалау кәсіпорындарында жұмыс істеуге дайындалады.

Кәсіби қызметінің нысандарына мыналарды жатқызуға болады:

- қалалық, ауылдық, саябақтар кешені, кішігірім сәулет түрлері, көгалдандыру және ыңғайландыру элементтері, коммуникацияны сырттай бейнелеу, экспозициялық кеңістіктер, қалалық ортадағы құралдар мен жиһаздар. Тұрғын үйлер және қоғамдық ғимараттардың ішкі кеңістіктері, қоғамдық мақсатта қолданылатын жер асты үймереттері, жинақтау, ішкі көріністегі бұйымдар мен жиһаздар, көрмелік және сауда экспозициялары, ішкі және сыртқы көріністегі қолданбалы өнер бұйымдарының элементтері, ішкі, сырттай коммуникация.

Кәсіби қызметтің түрлері:

- жобалау-конструкторлық қызметі (дизайнер маманының жетекшілігімен): бұған нысандардың, бұйымдардың, заттардың жаңа модельдерін, макеттерін, жобаларын, бағыттарын дайындау;
- ұйымдастыру-басқару қызметі: жобалау ісін басқару және ұйымдастыру саласындағы кәсіби компьютерлік бағдарламаларды білу;
- бизнес және бәсеке жағдайындағы кәсіпкерлік және қаржы қызметінің стратегиялары мен қағидаларының түрлерін оқып-үйрену;
- ғылыми-педагогикалық: ғылыми және оқу ұйымдарындағы жұмысты кіргізеді.

Осыған байланысты болашақ дизайн бакалавры маманы өзінің кәсіби қызметінде келесі кәсіби талаптарды орындауы қажет: дизайн-жобалау әдістері, эргономика және антропометрия, бейнелеу өнерінің негізінде, жобалау графикасы, дизайн қызметінің әр түрлі салаларындағы компьютерлі технологиялары (графикалық, өндірістік, орта дизайны, ландшафт дизайны, интерьер дизайн) негізінде эскиздерді, дизайн-жобаларды, дизайн нысандарын дайындау және орындау; инженерлі-технологиялық конструкциялау және макеттеу, дизайн өнімдерін жасау технологиялары салаларындағы білімдерін қолдана отырып, өндірістік дизайн саласында қызмет атқару; дизайнерлік фирмалар мен ұйымдарды басқару; мұғалімдік жұмыс [2].

Өндірістік-технологиялық қызмет саласында:

- алған мамандығы шеңберінде өндірістік міндеттерді шешу;
- өндірістік және технологиялық үдеріске қосылу, мамандануға сәйкес кәсіпорында технологиялық және өндірістік тәжірибеден өту кезеңінде алған білімі мен шеберлігін қолдану және т.б.

Ұйымдастыру-басқару қызметі саласында:

- шағын жобалау тобының жұмысын ұйымдастыру;
- шектес және қосымша бөлімшелердің жұмыс үйлестігі және т.б.

Эксперименттік-зерттеу қызметі саласында:

- ағымдағы жобалау жұмысының тақырыбы бойынша ақпарат жинау;
- тәжірибелі жетекшінің жетекшілігімен жоба алды зерттеу және жобалау экспериментінің міндеттерін қою;
- сауалнама құру, алған мәліметтерді өңдеу, аналитикалық жұмыс жүргізу;
- натурадан тексеру, тірек сұлбаларын құру, өлшемдеу және т.б.

Білім беру қызметі саласында:

- өз бетімен білім алу, біліктілігін арттыру бойынша;
- орта арнайы білім беру ұйымдарында практикалық сабақтар жүргізу (практикалық сабақ мақсаты мен жетістіктерінің тәсілдерін тұжырымдау, практикалық сабақ жоспарын құру) және т.б.

Ғылыми-зерттеу қызметі саласында:

- анықтама әдебиет, әдеби және жобалау материалдарымен жұмыс;
- мақала және шағын ғылыми мәтінде жазу және т.б.

Жобалау қызметі саласында:

- жобалау қызметінің мамандық бағытына сәйкес келуі;
- дизайнерлік нысанды жобалаудың негізгі сатыларын сақтау;
- эскиз жасау, материалды қолмен және компьютермен беру;
- «Дизайн» мамандығына сәйкес негізгі техникалық тәсілдер мен компьютерлік программаларды қолдану;
- жобалау материалын рәсімдеу және т.б.

Еңбек нарығының талаптарын ескере отырып, болашақ мамандардың біліктілігіне қойылатын негізгі талаптарды анықтау маңызды мәселе болып табылады. Дизайн бакалаврдың біліктілік сипаттарын келесі критерийлермен бағаладық: кәсіби — қажетті қасиеттер, жеке қасиеттері, қызығушылықтары және бейімділіктері.

Кәсіби-қажетті қасиеттерге жаңа компьютерлік технологияларды білу, жұмыс тәжірибесі, сурет сала білу, көркемдік және техникалық пәндері саласындағы теориялық білімдері, жобалау дағдылары, орта арнайы немесе жоғары білімнің болуы, конструкциялау және макеттеуге қабілеттілігі, өндіріс және материалдар технологияларын білу, ұжыммен жұмыс істей білу, дамыған эстетикалық және көркемдік талғамы, образды ойлаудың жоғарғы дәрежесі, өздігінен даму және өздігінен білім алу, жобаларды өздігінен басқару, ағылшын тілін білу, дизайндағы стильдер мен бағыттарды білу, сән үрдістерін түсіну, аналитикалық ойлау.

Жеке қасиеттері, қызығушылықтары және бейімділіктеріне жағдайларға, заттарға дәстүрлі емес, өзіндік көзқарас, креативті, тіл табысушылық (коммуникативтілік), жауапкершілік, жұмысты ұқыпты және дәлдікпен орындау, күйзеліске төзімділігі (стрессоустойчивость), тапсырыс берушіні тыңдай білу, белсенді өмірлік ұстанымы, нәтижеге жетуге мақсат қою, еңбекқорлық, сауатты сөйлей білу, ақкөңілділік, зейінділік, орындаушылық және тәртіптілік, ынталық жатады.

Осы критерийлерді қарастыра отырып, жұмыс берушілер дизайнер маманның келесі қасиеттерін бірінші орынға қойып отыр: жаңа компьютерлік технологияларды білу және оларды тәжірибеде қолдана білу, жұмыс тәжірибесі, сурет сала білу, көркемдік және техникалық пәндер саласындағы теориялық білімдері, жобалау дағдылары, конструкциялау және макеттеуге қабілеттілігі. Жеке қасиеттердің ішінен жұмыс берушілер келесі қасиеттерді белгілейді: креативтілік, тіл табысушылық, жауапкершілік, тапсырмаларды ұқыпты және дәл орындау.

Маманды кәсіби дайындауға жұмыс берушілердің қойған талаптарын негізге ала отырып, дизайнер бакалавр маманында қалыптасуға қажет болатын келесі жалпы мәдени және кәсіби біліктіліктерді анықтауға мүмкіндік берді: өз мамандықтың әлеуметтік қажеттілігін ұғыну; кәсіби қызметті жүзеге асыру үшін жоғарғы дәрежелі уәжге ие болу; ұжыммен бірлесіп жұмыс істеуге дайын болу; ақпаратты қабылдау, талдау, жинақтау, жалпылау және алдына мақсат қойып, оған жету жолдарын таңдау; қалыпсыз жағдайларда дұрыс шешім қабылдай білу, жауапкершілікті атқару, әлеуметтік мәселелер мен үрдістерге талдау жасай білу; өзіндік дамуға, шығармашылық шеберлікті дамытуға талпыну, шығармашылық дизайн-жобалау әдістерін игеру (көркемдік образ, ерекше жоба жасау); жобаларды орындаудың графикалық дағдыларын игеру (эскиздер мен композициялық шешімді таба білу, бейнелеу өнері және жобалау графикасының тәжірибелік дағдылары); кәсіби дағдыларды игеру (инженерлік конструкциялау, макеттеу, эргономикалық және антропометриялық әдістерді білу); стилистикалық және образды шешімдеріне сәйкес дизайн нысандардың пішін құрудың әр түрлі технологиялық әдістерін меңгеру; жаңа компьютерлік технологияларды меңгеру; дизайн-жобалаумен байланысты қызмет аясында басқаруды жүзеге асыру; заңнамалар мен стандарттар негіздерін білу және қолдану [3].

Дизайнер бакалавр маманның кәсіби біліктілігін қалыптастырудың маңызды шарты — білім беру үрдісін ұйымдастыру. Ол үшін келесі педагогикалық шараларды енгізу қажет: дизайн саласында теориялық білімдерді меңгеру мақсатында білім беру үрдісін ұйымдастырушылық-әдістемелік қамтамасыз ету; оқу үрдісінің барлық субъектілердің өзара қатынастарының негізінде шығармашылық білім беру ортасын қалыптастыру; жұмыс берушілерді жоғары оқу орының оқу үрдісіне, ғылыми-зерттеу, шығармашылық жұмысына белсенді түрде қатыстыру; инновациялық технологияларды қолдану.

Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті (ҚарМУ) бейнелеу өнері және дизайн кафедрасында Мемлекеттік стандартқа және оқу жоспарын сәйкес дизайн білім беру саласында теориялық білімдерді меңгеру үшін келесі жалпы кәсіби және кәсіби циклдарға жататын пәндер оқытылады: «Сурет», «Тұстану», «Композиция», «Графикалық дизайн элементтері мен

үрдістері», «Графикалық дизайн нысандарын жобалау», «Инженерлік сызба», «Компьютерлік жобалау».

Шығармашылық білім беру ортасын қалыптастыру үшін ҚарМУ негізінде студенттер жұмыстарының көрмелері өткізіледі, аймақтық және халықаралық дәрежедегі шығармашылық көрмелерге, конкурстарға, олимпиадаларға қатысу белсенді түрде жүргізіледі.

Қарағанды қаласының жұмыс берушілерін дизайн бакалаврларын кәсіби дайындау үрдісіне қатыстыру мақсатында олар студенттердің дипломдық жұмыстарын кешенді түрде қарап, жобалау тапсырмаларын талдау, келістіру және олардың орындалу сапасын талдау үрдістеріне, кафедраның шығармашылық жұмысына, өндірістік тәжірибе өткізуге қатысады.

ҚарМУ оқытушыларының қызметіндегі инновациялық тәсілдер: интерактивті білім беруді, заманауи ақпараттық технологияларды қолдану; студенттердің білім тексеру әдістері; электронды білім беру ресурстарын жасау; дәріс курсын мультимедиялық жанамалауларды қолдану.

Жүргізілген зерттеу дизайнер-маманның кәсібилігінің ерекшеліктері мен талаптарын айқындауға, дизайн бакалавр маманның кәсіби біліктілігін қалыптастырудың педагогикалық шарттарды анықтауға мүмкіндік берді.

Осы мәселені шешу үшін тек кәсіби дайындаудың ерекшеліктерін айқындап, білім беру үрдісін ұйымдарыстыруға қойылатын талаптарды анықтап қана қоймай, сонымен бірге заманауи жағдайларда дизайн бакалавры маманның кәсіби біліктілігін қалыптастыру әдістемесін жасау қажет.

Елбасының «Қазақстан – 2050» Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» Жолдауы жастарға да үлкен аманат жүктеп, ауыр жүк арқалатып отыр. Елбасы өз сөзінде: «Мен сіздерге — жаңа буын қазақстандықтарға сенім артамын. Сіздер жаңа бағыттың қозғаушы күшіне айналуға тиіссіздер», — деген жоқ па?! Мемлекет болса, өз тарапынан жастардың сапалы білім мен саналы тәртіп алуына, қажетті мамандықты игеруіне, өз арман-мақсаттарын жүзеге асырулары үшін бар мүмкіндіктер жасап келеді. Біздің ата-аналарымыз жете алмаған мұрат-мақсаттар, мүмкіндіктер біздің алдымызда айқара есігін ашып тұр, біз өз кезегімізде осы мүмкіндіктерді іске асыру барысында, бар күш-жігерімізді аямай, табысты жұмыс жасауымыз қажет. Осы Жолдау қазақстандық жастарды біріктіріп, биік белестерден көрінуге апаратын жарқын жол іспеттес [4].

Әдебиеттер тізімі

- 1 Краткий словарь иностранных слов // Под. ред. О.П.Марасанова. — М.: Знание, 1993. — С. 318.
- 2 Шишов С.Е. Понятие компетенции в контексте проблемы качества образования // Государство и образование. — 2002. — С. 88.
- 3 Құдайбергенова К. Құзырлылық — тұлға дамуының сапалық критерийі // Білім сапасын бағалаудың мәселелері: әдіснамалық негізі және практикалық нәтижесі: Халықарал. ғыл.-практ. конф. материалдары. — Астана, 2008. — 30–32-б.
- 4 «Қазақстан – 2050» Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты: Қазақстан Республикасының Президенті — Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы // [ЭР]. Қолжетімділік тәртібі: www.akorda.kz/.../page_215750_poslanie-prezidenta-respubliki-kazakhs...

А.К.Мағрұпбекова, Г.С.Токтыбаева

Особенности профессиональной подготовки бакалавров искусства в области дизайна

В статье рассмотрены условия формирования профессиональных качеств бакалавра дизайна. Авторами описаны следующие педагогические условия: развитие теоретических знаний в области дизайна, организационно-методическое обеспечение учебного процесса; взаимодействие всех субъектов образовательного процесса с целью закрепления теоретических знаний и формирования творческой образовательной среды; активное участие работодателей в учебном процессе, научном исследовании и научно исследовательской, творческой работе, использовании инновационных технологий.

A.K.Magrupbekova, G.S.Toktybayeva

Features training Bachelor of Arts in Design

The article considers the conditions of formation of professional qualities Bachelor design. The authors described the following pedagogical conditions: the development of theoretical knowledge in the field of design , organizational and methodical providing of training; interaction of all the subjects of the educational process in order to consolidate the theoretical knowledge and the formation tvorcheskoy educational environment; employers' active involvement in the learning process, research and scientific research , creative work, and the use of innovative technologies.

References

- 1 *Concisw dictionary of foreign words* // Edited by O.P.Marasanova, Moscow: Znanie, 1993, 318 p.
- 2 Shishoff S.Ye. *State and Education*, 2002, 88 p.
- 3 Kudaiybergenova K. *Problems of assessing the quality of education: Methodological Framework and the bottom line. International scientific conference.*, Astana, 2008, p. 30–32.
- 4 *Strategy «Kazakhstan – 2050»: new political police of the taken place state: The message of the President of the Republic of Kazakhstan — N.A.Nazarbayev to the people of Kazakhstan*, [ER]. Access mode: www.akorda.kz/.../page_215750_poslanie-prezidenta-respubliki-kazakhs...